


**Балаларға арналған мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымға жолдама алу  
жөніндегі нұсқаулық**


Балаға мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымға жолдама алу үшін:

1. akmola.kz жүйесінің негізгі парақшасына кіріп, «Мектеп жасына дейінгі балаларды БМУ-ға кезекке қою» қызметін таңдау қажет (1-сурет)




1-сурет. Жүйенің негізгі парақшасы

2. Ары қарай Ақмола облысы аудандары мен қалаларының тізімі пайда болады. Тізімнен ауданыңызды немесе қалаңызды таңдаңыз (2-сурет).




2-сурет. Ауданды немесе қаланы таңдау

3. Ары қарай кілттерді сақтау орны тізімінен кілтті таңдап, ЭЦҚ (AUTH\_RSA кілті) көмегімен жеке кабинетке кіріп, «Сертификатты таңдау» батырмасын басу қажет (3-сурет)




3-сурет. Пайдаланушының авторизациясы

4. Ары қарай ЭЦҚ кілтін (AUTH\_RSA кілті) жүктеп, құпиясөзді енгізіп, «OK» батырмасын басу қажет (4-сурет)



4-сурет. Құпиясөзді енгізу

5. Құпиясөз дұрыс енгізілген жағдайда, ЭЦҚ иесінің деректері пайда болады. Осы кадамда «Кіру» батырмасын басу қажет (5-сурет)




5-сурет. Авторизация



**Назар аударуды сұраймыз!**

*Жүйеге бірінші рет кірген кезде электрондық поштаны көрсету қажет*

6. Берілген өтініштер журналын қарап шығу үшін негізгі парақшадағы «Өтініштер журналы» батырмасын басу қажет (6-сурет)




6-сурет. Өтініштер журналын қарап шығу



**Назар аударуды сұраймыз!**

**Кезекке қою туралы өтінім баланы кезекке қоюға өтінімді берген Өтініш берушілерде гана көрсетілетіндігіне назар аударуды сұраймыз. Егер Сіз баланың ата-анасы болып табылсаңыз, бірақ өтініш көрсетілмесе, Сіз өтінішіңізді өзіңіздің ЖСН-ге қоса біріктіруіңіз қажет (толығырақ ақпарат «Өтінішті ата-ананың ЖСН-ға біріктіру» нұсқаулығында келтірілген).**

7. Өтінішті ашу үшін өтініш жолағына басу қажет (7-сурет).



7-сурет. Өтініш бойынша ақпаратты қарап шығу

8. Балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда бос орындар тізімін қарап шығу үшін «Мемлекеттік балабақшаны таңдау» батырмасын басу қажет (8-сурет).

Номер	ФИО ребенка	ИИН ребенка	Номер очереди	ФИО заявителя	Дата создания	Статус	Тип льготы	Дата рождения
UO.2018.000016.1					30.07.2018	Направлено уведом...	Без льготы	09.09.2011

Информация о заявлении | История изменений | Общие документы

**Информация о заявителе**

Полное имя \_\_\_\_\_ ИИН \_\_\_\_\_  
 Дата рождения 18.08.1993 Телефон 7777777777  
 E-mail \_\_\_\_\_ Адрес \_\_\_\_\_

**Данные ребенка**

Полное имя \_\_\_\_\_ ИИН \_\_\_\_\_  
 Дата рождения 09.09.2011 Тип льготы Без льготы  
 Номер очереди 1 Номер очереди по льготной категории 0

**Информация о заявлении**

Номер заявления UO.2018.000016.1 Дата регистрации 30.07.2018 21:35:14  
 Номер ПЭП \_\_\_\_\_ Номер ЦОН \_\_\_\_\_  
 Текущее состояние Принято решение (направлено уведомление) Дата и время последнего изменения 30.07.2018 21:35:14 (в очереди с 30.07.2018 21:35:14)  
 Дополнительный Email \_\_\_\_\_ Дополнительный телефон \_\_\_\_\_

**Выбрать государственный детский сад** | Снять с очереди

8-сурет. Балабақшаны таңдау



**«Балабақшаны таңдау» батырмасы келесі жағдайларда ғана көрсетіледі:**


- Баланың жасы 2 (толық) және одан үлкен;
- егер Сіздің кезегіңіз келсе;
- мектепке дейін ұйымдарда бос орындар болған жағдайда



**Назар аударуды сұраймыз!**

Сіздің кезегіңіз келген жағдайда, Сіз көрсеткен электрондық пошта мен телефон нөміріне кезегіңіздің келгендігі туралы хабарлама келеді және өтініштің статусы "Хабарлама жіберілді" болып өзгертіледі (еркін таңдауға орындарды жариялау туралы хабарламалар жіберілмейді)

9. Ары қарай хабарлама түріндегі терезе пайда болады. Бос орындардың тізімін қарап шығу үшін «ОК» батырмасын басу қажет (9-сурет)




9-сурет. Хабарлама терезесі



***Назар аударуды сұраймыз!***

***Егер өтініш беруші балабақшаны таңдамаса және жолдаманы 3 жұмыс күні ішінде алмаса, мұндай орын топтың жылына сәйкес барлық кезектегі балаларға қол жетімді болады. Бұл ретте балабақшаны таңдамаған мұндай өтініш беруші кезекте қалады***

10. Ары қарай пайда болған тізімнен қажетті балабақшаны таңдау қажет (10-сурет)




10-сурет. Балаларға арналған мемлекеттік балабақшалардағы бос орындардың тізімі



***Оқыту тіліне және таңдалынған мектепке дейінгі ұйымның орналасқан жеріне назар аударуды сұраймыз.***


11. Мектепке дейінгі ұйымды таңдағаннан кейін «Қол қою және жіберу» батырмасын басып, ЭЦҚ (RSA) сертификатын жүктеу қажет.

12. ЭЦҚ-ны жүктегеннен кейін кілттер қоймасына құпиясөзді енгізіп, «Кілттер тізімін жаңарту» батырмасын басу қажет (11-сурет)



11-сурет. Деректерге қол қою

13. Таңдалынған кілттің деректері пайда болады. Соңғы қадамда «Қол қою» батырмасын басу қажет (12-сурет)



12-сурет. Деректерге қол қою

14. Ары қарай Өтініштер журналындағы «Жалпы құжаттар» қойындысынан мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымға қалыптастырылған жолдаманы қарап шығып жүктеуге болады (13-сурет)



Номер	ФИО ребенка	ИИН ребенка	Номер очереди	ФИО заявителя	Дата создания	Статус	Тип льготы	Дата рождения
UO.2018.000016.1						Направлено уведом...	Без льготы	09.09.2011

Общие документы	Наименование документа	Дата создания	Действие
Общие документы	Уведомление о регистрации	30.07.2018	Скачать
Приложения к заявлению	Извещение о приеме документов	30.07.2018	Скачать
	Регистрация ребенка в книге учета	30.07.2018	Скачать
	Карточка ребенка	31.07.2018	Скачать
	Направление в ДДО	31.07.2018	Скачать

13-сурет. Балабақшаға жолдаманы қарап шығу

### **Назар аударуды сұраймыз!**



*Егер өтініш беруші жолдаманы алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде балабақшаға келмесе, жолдама автоматты түрде жойылатындығына, ал бала 10 (он) жұмыс күніне стоп-тізімге жіберілетіндігіне назар аударуды сұраймыз.*

*Өтініш стоп-тізімде болған уақытта жолдаманы алу мүмкіндігі бұзатталады. (Бұзаттан шығарғаннан кейін өтініш беруші өтінішті мектепке дейінгі ұйымдарда бос орын болған жағдайда ғана ала алады).*



*Егер өтініш беруші берілген жолдаманың әрекет ету мерзімін 2 рет өткізіп алса, бала автоматты түрде кезектен алынып тасталынады*



*Өтініш берушіде жолдаманы күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартудың тағы бір мүмкіндігі бар (Толығырақ Жолдаманы ұзарту жөніндегі нұсқаулықта)*



*Өтініш берушіде жолдаманы берген сәттен бастап бір тәулік ішінде өз бастамасы бойынша алынған жолдаманы жою мүмкіндігі бар. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін өтініш берушінің бастамасы бойынша жолдаманы жою мүмкін емес (Толығырақ Алынған жолдаманы кері қайтару жөніндегі нұсқаулықта).*